



«GUMILYOV JOURNAL OF SOCIOLOGY» ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯ САЯСАТЫ

1. Жалпы ережелер

Редакция саясаты әлеуметтану саласындағы ғылыми мақалаларды жариялау кезінде журнал басшылыққа алатын принциптер мен процедураларды анықтайды. Ол жарияланатын барлық материалдардың жоғары сапасын, ғылыми адалдығын және этикалық стандарттарын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

Редакция саясаты академиялық баспа саласындағы үздік тәжірибелерге негізделген және Жариялау этикасы комитетінің (COPE) ұсынымдарын қоса алғанда, халықаралық стандарттарға сәйкес. Осы нұсқаулықты ұстану – ғылыми этиканың жоғары деңгейін және жарияланатын жұмыстардың сапасын сақтауға негіз.

1.1. Gumilyov journal of sociology (әрі қарай - Журнал) – әлеуметтану саласында жоғары сапалы мұқият іріктелген түпнұсқа жұмыстарды жариялауға маманданған ғылыми рецензияланатын журнал.

1.2. Журнал 1995 жылдан бері басылып келеді. Журнал Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясының құқықтық мирасқоры болып табылады. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген. No KZ81VPY00114486. 11.03.2025 ж есепке қою туралы куәлік

1.3. Сериялық басылымдардың стандартты нөмірлерінің халықаралық орталығы журналдың баспа нұсқасына ISSN (Print) 3080-1702.

ISSN (Online) 3104-4638 индексін берді

1.4. Журналдың шығу жиілігі - үш айда бір рет, жылына 4 рет.

1.5. Журнал сайты <https://socjournal.enu.kz>

1.6. Журналдың құрылтайшысы және баспагері – «Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 10000 Қазақстан, Астана қ., Сәтбаев к-сі, 2 ЕҰУ Оқу-әкімшілік (бас) ғимараты

1.7. Редакция саясатына өзгерістер мен толықтырулар редакция алқасының шешімімен енгізіледі.

2. Журнал мақсаты мен міндеттері

2.1. Журналдың негізгі мақсаты – әлеуметтану ғылымының дамуына ықпал ететін және әлеуметтік құбылыстарды, процестер мен динамиканы түсінуді тереңдететін жоғары сапалы түпнұсқа зерттеулерді жариялау. Журнал қатаң әдіснамаға және әлеуметтік шындықты теориялық тұрғыдан түсінуге негізделген заманауи зерттеулердің нәтижелерімен алмасу алаңына айналуға тырысады. Сонымен қатар, журнал әртүрлі ғылыми мектептер мен әлеуметтанудағы перспективалар арасындағы диалогқа ықпал ететін теориялық және әдіснамалық тәсілдердің кең ауқымына ашық.

2.2 Журнал қазақстандық академиялық жүйенің бөлігі ретінде материалдарды жариялау арқылы мына міндеттерді шешуге атсалысады:

- Жаңалығымен, маңыздылығымен, сондай-ақ теориялық және эмпириялық талдаудың жоғары деңгейімен ерекшеленетін түпнұсқа ғылыми мақалаларды жариялау.
- Қазіргі заманның өзекті әлеуметтік мәселелері мен сын-тегеуріндерін әлеуметтанулық тұрғыдан талқылау үшін алаң ұсыну.
- Академиялық қауымдастық, практиктер және шешім қабылдайтын тұлғалар үшін маңызы бар іргелі және қолданбалы әлеуметтанулық зерттеулердің дамуына ықпал ету.
- Жарияланған зерттеулердің кең таралуын және олардың жаһандық ғылыми қауымдастық пен мүдделі жұртшылық үшін қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, ғылыми білімге ашық қол жеткізу принциптерін қолдау.
- Әлеуметтанудың басқа әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдармен түйіскен жеріндегі пәнаралық зерттеулерді ынталандыру.
- Академиялық пікірталас пен қазіргі әлеуметтік процестерді сыни тұрғыдан ұғынуға ынталандыру.
- Тиісті білім салаларында жетекші ғалымдарды, мамандарды рецензиялау процесіне тарту арқылы жоғары ғылыми стандарттарды сақтау.
- Ғалымдарға, оқытушыларға, докторанттарға, магистранттарға әлеуметтану саласында теориялық, қолданбалы және практикалық маңызы бар іргелі және қолданбалы зерттеулерінің нәтижелерін жариялауға мүмкіндік беру.
- Журнал редакция алқасының мақалалар құрылымына журнал әзірлеген талаптар бойынша авторлармен жүйелі жұмысы арқылы ел ішіндегі ғылыми мақалалардың деңгейін арттыру.
- Қазақстанды әлеуметтану бойынша әлемдік ғылыми кеңістікке қосу (оның ішінде наукометриялық деректер базасына енгізу арқылы).
- Қазақстандық ғалымдардың халықаралық ғылыми қоғамдастыққа кірігуі.
- «Ашық қолжетімділік» (Open access) ғылыми басылымының типі негізінде журналды дамыту.
- Журналдың халықаралық деректер базасында және ашық электрондық ресурстарда болуын арттыру.
- Шетелдік оқырмандар үшін журналдың қолжетімділігін арттыру – ағылшын тілінде зерттеудің мәнін кеңейтілген баяндауды (Abstract), негізгі ұғымдарды (Keywords) және латын әліпбиіндегі әдебиеттер тізімін қайталауды (References) жариялау.

3. Журнал бағыты мен шығу мерзімі

3.1. Журнал әлеуметтану саласындағы әртүрлі тақырыптар мен бағыттарды қамтиды, іргелі теориялық және әдіснамалық мәселелерге, сондай-ақ әлеуметтанулық білімнің әртүрлі салаларындағы эмпириялық зерттеулердің нәтижелеріне арналған мақалалар жариялайды. Журнал әртүрлі теориялық және әдіснамалық парадигмалар аясында жасалған жұмыстарды құптайды және заманауи әлеуметтанулық зерттеулердің алуан түрлілігін ұсынуға талпынады.

3.2. Журналдың негізгі тақырыптық бағыттарына мыналар жатады, бірақ мұнымен шектелмейді:

- Әлеуметтік теория және әлеуметтанулық ой тарихы.
- Әлеуметтанулық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері (сандық және сапалық).
- Әлеуметтік процестер мен әлеуметтік өзгерістер әлеуметтануы.
- Әлеуметтік құрылым, стратификация және теңсіздік.
- Мәдениет, дін және білім әлеуметтануы.
- Мемлекет әлеуметтануы және саяси әлеуметтану.
- Экономика әлеуметтануы және еңбек әлеуметтануы.
- Отбасы және балалық шақ әлеуметтануы.
- Денсаулық және медицина әлеуметтануы.

- Қала және ауыл әлеуметтануы.
- Демография және әлеуметтік статистика.
- Халықаралық қатынастар және жаһандану әлеуметтануы.
- Девиантты мінез-құлық және әлеуметтік бақылау әлеуметтануы.
- Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік саясат.
- Гендерлік зерттеулер.
- Этникалық және нәсілдік зерттеулер.
- Цифрлық орта және ақпараттық технологиялар әлеуметтануы.
- Әлеуметтанудың басқа ғылымдармен түйісуіндегі пәнаралық зерттеулер.

3.3. Басылымның шығу жиілігі – жылына 4 рет, үш айда бір рет (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан).

4. Еркін (ашық) қол жеткізу саясаты

Журнал – ашық қолжетімді журнал, яғни барлық жарияланған мақалалар бүкіл әлемдегі оқырмандар үшін кедергісіз және ақысыз қол жетімді. Мақалалардың толық мәтіндері журналдың ресми сайтында орналастырылған және Creative Commons Attribution License International CC BY-NC лицензиясының шарттарына сәйкес баспагердің немесе автордың алдын ала рұқсатынсыз, оқуға, жүктеуге, көшіруге, таратуға, басып шығаруға, іздеуге немесе сілтемелерге еркін қол жетімді. Егер авторлық және түпнұсқа басылымға сілтеме міндетті түрде көрсетілсе, онда осы лицензия пайдаланушыларға журнал материалдарын коммерциялық емес мақсаттарда еркін пайдалануға мүмкіндік береді.

5. Мұрағаттау

Ғылыми журналдың электрондық нұсқалары қорды қалыптастыру және электрондық кітапханаға енгізу үшін «ҰҒТЭО» АҚ және «EBSCO» ұсынылады.

Журнал Elibrary.ru материалдарды мұрағаттайды.

6. Мақаланы жариялау шарттары

Ғылыми мақала – автордың бұрын жарияланбаған, жаңалығы бар ғылыми зерттеуін, эксперименттік немесе талдамалық жұмыстарының қорытындылары мен аралық немесе соңғы нәтижелерін, авторлық тұжырымдарын, қорытындыларын, ұсыныстарын қамтитын баяндама; немесе жалпы тақырыппен байланысты бұрын жарияланған ғылыми мақалаларды талдауға арналған жүйелі шолу болуы мүмкін.

Барлық ғылыми мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады және олар бұрын еш жерде - баспа немесе электрондық түрде - жарияланбаған болуы тиіс.

Редакцияның мақаланың соңғы нұсқасын алған күні мақаланың қабылданған күні болып есептеледі. Редакция мақала мазмұнының мағынасын бұзбай, редакциялық түзетулер енгізу құқығына ие.

Шетелдік авторлардың мақалалары, сондай-ақ ағылшын тіліндегі мақалалар әр журнал нөміріндегі жарияланымдардың кемінде үштен бірін (1/3) құрауы тиіс немесе қазақстандық ғалыммен қосавторлықта жазылмаған шетелдік автордың ағылшын тілінде кемінде 1 (бір) мақаласы жарияланады.

Баспаға қатысы жоқ авторлардың ғылыми мақалалары әр журнал нөміріндегі жарияланымдардың кемінде елу пайызын (50%) құрауы қажет.

Бір автор **бір журнал нөмірінде, қосавторлықты қоса алғанда, бір ғана мақала жариялай алады.** Бір автордың (жеке немесе қосавторлықпен дайындалған) мақаласы қатарынан екі шығарылымда жариялана алмайды.

Тек антиплагиат жүйесі арқылы тексерілгеннен кейін **түпнұсқалығы 75%** және одан жоғары мақалалар ғана әрі қарай рецензиялауға жіберіледі.

«Gumilyov journal of sociology» журналында мақала жариялауға дайындау барысында ғылыми мақаланың құрылымын қатаң сақтау және ресімдеу ережелерін басшылыққа алу қажет.

Мақаланы рәсімдеу параметрлері: парақ форматы - А4, кітаптық бағдар, мәтінді ені бойынша туралау, барлық жағынан шеттері - 20 мм. Қаріп: түрі - Times New Roman, өлшемі (кегль) - 14, жоларалық интервал - 1, абзац (азат жол) шегінісі - 1,0 см.

Мақаланың көлемі (атауын, авторлар туралы мәліметтерді, аңдатпаны, негізгі ұғымдарды, библиографиялық тізімді есептегенде) 6 беттен (3 000 сөз) кем және 16 беттен (7 000 сөз) көп болмауы тиіс.

Ғылыми мақала құрылымы:

Ғылыми мақала құрылымы IMRAD (ИМРАД) қамтиды (мақаланың түпнұсқасы үшін), яғни атауы, аңдатпа, негізгі ұғымдар, кіріспе, материалдар мен әдістер, нәтижелер, талқылау, қорытынды, қаржыландыру туралы ақпарат (егер бар болса), әдебиеттер тізімі.

- XFTAP
- Автор(лар) аты-жөні ( белгісін ORCID сілтемесімен гиперсілтеме арқылы байланыстыру)
- Автор(лар) жұмыс орны, қаласы. елі, автор(лар) электрондық поштасы
- Мақала атауы
- Аңдатпа
- Негізгі ұғымдар
- Кіріспе
- Зерттеу материалдары мен әдістері
- Нәтижелер және оларды талқылау
- Қорытынды
- Авторлар үлесі
- Қаржыландыру туралы ақпарат
- Әдебиеттер тізімі
- Авторлар туралы мәлімет.

Әр автордың ұйымымен байланысы жоғары регистр санымен көрсетіледі (үлгіге қараңыз):

С.К. Искендірова^{*1}, С.Ж. Зейнолла²

¹Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақмола облысы бойынша филиалы, Көкшетау, Қазақстан

²Қазақстан-Неміс университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: s196@gmail.com)

Ескерту: * хат-хабар авторы

Ғылыми жетекшісі докторант дайындаған **мақалаға рецензия берген жағдайда** ғана ол қосавторлары жоқ мақаланы жариялауға рұқсат етіледі.

Магистранттар мен докторанттардың жұмыстары **ғылым докторы немесе кандидаты, сондай-ақ PhD қосавторлықта жазған жағдайда** ғана жариялануы мүмкін.

Мақаланы рәсімдеу тәртібі

Тақырыпқа сәйкес **XFTAP** (Халықаралық ғылыми-техникалық ақпарат рубрикаторы) <http://www.grnti.ru> сайтынан анықтауға болады. Ол мақала қолжазбасының сол жақ жоғары бұрышында көрсетіледі. (Сол жақ шетке туралау, қаріп – жартылай қалың, өлшемі – 14). Стыльдік файлды <https://socjournal.enu.kz> журнал сайтынан жүктеуге болады.

Автор(лар). XFTAP кейін бір жол тастап, автор(лар)дың аты-жөні курсивпен, ортаға тураланып жазылады; ұйымның толық атауы, қала, ел көрсетіледі (егер авторлар әртүрлі ұйымдарда жұмыс істейтін болса, автор тегінің жанына және тиісті ұйым атауының алдына

бірдей таңба қойылады); автор(лар)дың электрондық поштасы жақша ішінде курсивпен жазылады. Мақаланың атауы – ортаға тураланып, жартылай қалың қаріппен жазылады.

Егер бірнеше автор болса, олар мақаладағы реттілігін өзара келісім бойынша анықтайды және мазмұны үшін толық жауапкершілік алады. **Авторлар саны 5 адамнан аспауы тиіс** (ортаға туралау, кәдімгі қаріп, өлшем – 14).

Авторлардың ORCID iD көрсетуі

• ORCID iD әрбір автор үшін **міндетті**. Барлық авторлардың ORCID нөмірлері көрсетілмеген қолжазбалар рецензиялауға қабылданбайды.

• Әр автор <https://orcid.org> сайтында тіркеліп, өз ORCID iD мақалада көрсетуі тиіс.

Мақалада ORCID көрсету тәртібі:

1. мақала «мандайшасында» автор аты-жөні жанында ORCID ресми таңбасы (логотипі) қойылады және ол автордың ORCID жүйесіндегі профиліне апаратын **гиперсілтемемен** байланыстырылуы тиіс (формат: <https://orcid.org/0000-0000-0000-0000>);

2. ORCID таңбашасында міндетті түрде «**клик**» функциясы қосылуы және автордың жеке парақшасына тікелей өтуі қажет.

Редакция рецензиялау және мақаланы қабылдау кезеңінде әр автордың ORCID iD деректерін сұрауға немесе нақтылауға құқылы.

Мақала атауы бас әріптермен, ортаға тураланып, жартылай қалың қаріппен жазылады, өлшемі – 14. **Мақаланың соңында екі өзге тілде** – орысша және ағылшынша (егер мақала қазақ тілінде болса), қазақша және ағылшынша (егер мақала орыс тілінде болса), қазақша және орысша (егер мақала ағылшын тілінде болса) аудармалары беріледі.

Аңдатпа (Аннотация / Abstract) – зерттеу мақаласының қысқаша мазмұнын білдіреді және оқырманға мақаланың мәнін жылдам түсінуге көмектесуге арналған. Аңдатпа жеке құрылымдық бөлім ретінде өз бетінше түсінікті болуы тиіс. Ол мақаланың құрылымына сай мазмұнды және қисынды түрде баяндалып, құрылым негізін сақтауы қажет. Мақала мәтінінен көшірілген сөйлемдер, сілтемелер, суреттер, кестелер, веб-сілтемелер мен электрондық мекенжайлар болмауы тиіс. Аңдатпа оқырманды мақаланың толық нұсқасын оқуға ынталандыруы керек. Аңдатпа құрылымы зерттеу нысанын сипаттаудан басталуы тиіс және зерттеу мәселесін немесе уәждемесін, қолданылған әдістерді, ең маңызды нәтижелер мен олардың маңыздылығын баяндаумен жалғасуы керек. Қажет болған жағдайда орныққан терминологияны қолдану ұсынылады.

Мәтін көлемі – орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде кемінде 150 сөз болуы және 300 сөзден аспауы тиіс. Туралау – ені бойынша, қаріп – кәдімгі, өлшемі – 14. Аңдатпа құрылымы келесі тармақтарды қамтиды:

- Зерттеу тақырыбына кіріспе сөз.
- Зерттеу мақсаты, негізгі бағыттары мен ғылыми идеялары.
- Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығын қысқа сипаттау.
- Зерттеу әдіснамасын қысқа сипаттау.
- Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдауы, қорытындылары.
- Жүргізілген зерттеудің құндылығы (аталған жұмыс арқылы тиісті білім саласына қосқан үлесі).
- Жұмыс нәтижелерінің практикалық маңызы.

Негізгі ұғымдар (Ключевые слова/Keywords) ғылыми мақаланың мәтінін іздеу және оның пәндік саласын анықтау үшін қолданылады. Ұсынылатын көлемі — 7 сөзден немесе сөз тіркесінен аспауы тиіс. Негізгі ұғымдар аңдатпадан кейін екі өзге тілде, яғни:

мақала қазақ тілінде болса – орыс және ағылшын тілдерінде,
мақала орыс тілінде болса – қазақ және ағылшын тілдерінде,
мақала ағылшын тілінде болса – қазақ және орыс тілдерінде) беріледі.

(Туралау – ені бойынша, қаріп – кәдімгі, қаріп өлшемі – 14).

Негізгі ұғымдар мақаланың негізгі мазмұнын көрсетуі керек; зерттеудің пәндік саласын анықтап, мақала мәтінінде кездесуі тиіс. Негізгі ұғымдар бір-бірінен үтір арқылы бөлінеді.

Әр мақалаға DOI (ДОИ) беріледі

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-1-x-x>

Түсті: 09.04.2025. Қабылданды: 20.05.2025. Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

Негізгі бөлімде IMRAD құрылымына сәйкес кіріспе (міндетті қою, мақсаттар, тарихы), зерттеу әдістері, нәтижелер/талқылаулар, қорытынды **бөлімдері бар**. Олар жаңа абзацтан басталып, жартылай қалың қаріппен жазылады.

- ***Kipicne*** мына негізгі элементтерден құралады:

- Тақырыпты таңдаудың негіздемесі: тақырыптың немесе мәселенің өзектілігі. Тақырыпты таңдауды негіздеуде алдыңғы зерттеушілердің тәжірибесін сипаттау арқылы проблемалық жағдайдың бар екені көрсетіледі (зерттеулердің болмауы, жаңа нысанның пайда болуы және т.б.). Тақырыптың өзектілігі осы нысанды зерттеуге деген жалпы қызығушылықпен, бірақ бар сұрақтарға толық жауаптардың болмауымен анықталады. Өзектілік теориялық немесе практикалық маңыздылығымен дәлелденеді.

- Зерттеу нысанын, пәнін, мақсаттарын, міндеттерін, әдістерін, тәсілдерін, гипотезасы мен жұмыстың маңыздылығын анықтау. Зерттеудің мақсаты – тезисті дәлелдеу, яғни зерттеу пәнін автор таңдаған қырынан көрсету.

- **Әдебиеттерге шолу (Literature review)** бөлімінде зерттеу тақырыбына қатысты шетелдік авторлардың іргелі және жаңа еңбектері қамтылуы керек. Бұл еңбектер ғылыми үлес тұрғысынан, сондай-ақ зерттеудегі олқылықтар негізінде талданады.

- Жұмысқа қатысы жоқ көптеген сілтемелердің болуы, автордың жеке жетістіктері туралы орынсыз пікірлер, автордың алдыңғы еңбектеріне сілтемелерге ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ.

- ***Әдіснама*** материалдарды және жұмыстың барысын, сондай-ақ қолданылған әдістерді толық сипаттайды. Зерттеу нысаны мен зерттеу барысында қолданылған барлық әдістер, олардың мәні және таңдалу негізі түсіндіріледі. Бұл бөлім оқырманға зерттеудің әдіснамалық артықшылықтары мен кемшіліктерін өз бетімен бағалауға және қажет болған жағдайда оны қайталауға мүмкіндік беретіндей жазылуы керек. Қолданылған ғылыми зерттеу әдістері мен олардың қолданылуы сипатталады. Зерттеу материалының сипаттамасы оның сапалық және сандық көрсеткіштерін қамтиды. Материалдың сипаттамасы – зерттеу әдістері мен қорытындыларының шынайылығын анықтайтын факторлардың бірі.

- Бұл бөлімде мәселенің қалай зерттелгені сипатталады: бұрын жарияланған рәсімдерді қайталамай, егжей-тегжейлі ақпарат беріледі; пайдаланылған жабдық (бағдарламалық қамтамасыз ету) мен материалдар сипатталады, сондай-ақ материалдар мен әдістерді қолдану кезінде жаңашылдық енгізілуі міндетті.

Ғылыми әдіснамада мына элементтер болуы тиіс:

- зерттеу сұрағ(тар)ы;
- гипотеза (тезис);
- зерттеу кезеңдері;
- зерттеу әдістері.

- ***Этикалық мәселелер***

Егер зерттеуге адамдар қатысса, авторлар зерттеу тиісті мекеменің этика комитеті немесе бақылау кеңесі тарапынан мақұлданғанын нақты көрсетуі керек. Авторлар комитеттің атауын, мақұлданған күнін және этикалық рұқсаттың тіркеу нөмірін көрсетуі қажет (егер бар болса). Сонымен қатар, зерттеуге қатысқан барлық қатысушылардан ақпараттандырылған келісім алынғаны көрсетілуі тиіс. Жеке немесе құпия ақпарат жиналған жағдайда, қатысушылардың құпиялылығын қорғау шаралары нақты көрсетілуі тиіс.

Үлгі:


«Зерттеу (мекеме атауы, рұқсат нөмірі: XXXX, күні: КК.АА.ЖЖЖЖ) Этика комитетімен мақұлданған. Барлық қатысушылар зерттеуге қатысар алдында жазбаша түрде ақпараттандырылған келісім берді. Респонденттердің құпиялылығы мен анонимдігі зерттеу

барысында толық сақталды».

- **Нәтижелер мен Талқылау** - мақаланың ең маңызды бөлімдерінің бірі. Бұл бөлімде зерттеу нәтижелері талданып, алынған нәтижелер талқыланады. Зерттеу барысында алынған нәтижелерге байланысты тұжырымдар келтіріліп, негізгі мәні ашылады. Бөлімде жұмыстың нәтижелеріне талдау жүргізіліп, олар алдыңғы зерттеулермен, талдаулармен және қорытындылармен салыстырылып талқылануы тиіс.

- **Кестелер** мақала мәтінінің ішінде болады. Олар нөмірленіп, мәтінде оларға сілтемелер берілуі қажет. Суреттер мен графиктер стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы тиіс: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Нүктелік суреттер 600 dpi ажыратымдылықпен орындалуы керек. Суреттерде барлық бөлшектер анық көрсетілуі тиіс.

Үлгі:



2-сурет. Жоғары оқу орындарына қабылдау, бітіру және студенттер санының динамикасы

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [14]

1-кесте. Келген ел бойынша халықаралық студенттер саны [14]

Келу елі	2017	2018	2019	2020	2021
Өзбекстан	3683	9500	25964	15642	14404
Үндістан	3500	3717	4450	4220	5987
Түркменстан	1320	2616	3176	2795	2795
Ресей Федерациясы	1075	1273	1247	1298	1263
Моңғолия	439	565	888	1128	1010
Қытай	1290	1240	807	871	811
Қырғызстан	1026	1026	1026	1067	659
Иордания	60	62	228	515	546
Басқа елдер	1505	1671	1683	1533	1462

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [14]

- **Қорытынды** – осы кезеңдегі жұмыстың жиынтығы мен қорытындылары; автор ұсынған тұжырымның шынайылығын дәлелдеу және алынған нәтижелерді ескере отырып, ғылыми білімнің өзгеруіне қатысты автордың қорытындысы. Қорытындылар абстрактілі болмауы керек, олар зерттеудің белгілі бір ғылыми саласында алынған нәтижелерді жинақтау үшін қолданылуы тиіс және одан әрі жұмысты жалғастыру бойынша ұсыныстар мен мүмкіндіктер сипатталуы қажет.

- **Алғыс айту, мүдделер қақтығысы**

Қаржыландыру көздерін және басқа да үлестерді, алғыс айтылатын тұлғаларды, мүдделер қақтығысын көрсетіңіз.

- **Авторлар үлесі.** Бөлімде мақалаға авторлардың әрқайсысының қосқан үлесі көрсетілуі тиіс. Жұмысқа қосқан үлес – жұмыстың бір бөлігі немесе тұтас мақала осы интеллектуалдық үлессіз орындалмас еді деген мағынада түсіндіріледі. Мақала авторлары мына критерийлер бойынша үлес қосқан тұлғалар бола алады:

- жұмыстың тұжырымдамасы немесе дизайнына елеулі үлес қосу;
- деректерді жинау, нәтижелерді талдау немесе оларды интерпретациялау;
- мәтінді жазу және/немесе оның мазмұнын сыни тұрғысынан қайта қарау;
- мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға ұсыну;
- жұмыстың барлық аспектілері үшін жауапкершілікті мойнына алу, деректердің шынайылығы мен мақала бөліктерінің тұтастығына қатысты мәселелерді тиісті түрде зерделеп, шешу.

Мақаланы дайындауда өзге рөл атқарған тұлғалар «Алғыс айту / Благодарность / Acknowledgements» бөлімінде көрсетіле алады.

Үлгі ретінде келтірілген тұжырымдар толық емес, әрбір автордың ерекше үлесін көрсету, оның мақала жазуға қатысуын нақтылау ұсынылады. Егер авторлардың үлесі тәжірибелерді жүзеге асыруға қатысты болса, мақала түпнұсқасында тәжірибелік жұмыс әр кезеңінің атауы көрсетілуі тиіс,

Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу

Барлық мақалалар, жарияланымдар мен материалдар, басылымға жіберілген жағдайда, Сілтеменің Гарвард стилінің (Harvard style referencing) талаптарына сәйкес рәсімделген пайдаланылған әдебиеттер тізімімен бірге ұсынылуы тиіс.

Мәтін ішіндегі сілтемелер (Harvard стилі)

Мақаладағы барлық сілтемелер Гарвардтың сілтеме беру стиліне сәйкес рәсімделеді.

Дөңгелек жақша ішінде автордың тегі және жарияланған жылы, қажет болған жағдайда – бет нөмірі көрсетіледі:

- парафраз жасағанда: (Ахметжанова, 2016)
- сөзбе-сөз дәйексөз келтіріп, бет нөмірін көрсеткенде: (Ахметжанова, 2016, б. 15)
- автор мәтіннің өзінде аталған жағдайда: Ахметжанова (2016, б. 15) пікірінше, ...
- бірнеше авторы бар еңбекке сілтеме жасағанда: (Tsinidou, Gerogiannis & Fitsilis, 2010).

Әдебиеттер тізімін рәсімдеудің негізгі талаптары:

Сілтеме құрылымы:

- Автор(лар), жарияланған жылы, жұмыстың атауы, басылым атауы (қолданылған жағдайда), баспа атауы, жарияланған қала.
- Егер бұл онлайн-ресурс болса, толық сілтемені (URL) және қол жеткізген күнді көрсету қажет.

Сілтеменің Гарвард стилі (Harvard style referencing) бойынша әдебиеттер тізімін рәсімдеу жөніндегі ақпарат <https://www.mendeley.com/guides/harvard-citation-guide/> сілтемесі арқылы қолжетімді. Бұл ресурс сілтемелер мен библиографиялық мәліметтерді Гарвард стилі

(Harvard style referencing) талаптарына сай рәсімдеуге арналған ұсынымдар мен мысалдарды қамтиды.

Гарвард стилінде (Harvard style referencing) әдебиеттер тізімін рәсімдеу:

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметжанова, С.Б. (2016) «Высшее образование в Казахстане: проблемы и перспективы развития», *Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Серия Химия. География. Экология*, (5), стр. 10–18. Доступно по адресу: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-1-x-x> - журнал

2. Касым-Жомарт Токаев (2019) «Ежегодная августовская конференция с участием главы государства» 16.08.2019, *Zakon.kz*. Доступно по [ссылке: https://www.zakon.kz/redaksiia-zakonkz/4981834-polnyy-tekst-vystupleniya-tokaeva-na.html](https://www.zakon.kz/redaksiia-zakonkz/4981834-polnyy-tekst-vystupleniya-tokaeva-na.html) (дата обращения : 25 июля 2023 г.) - электронный ресурс

3. Tsinidou, M., Gerogiannis, V. and Fitsilis, P. (2010), "Evaluation of the factors that determine quality in higher education: an empirical study", *Quality Assurance in Education*, Vol. 18 No. 3, pp. 227-244. <https://doi.org/10.1108/09684881011058669> - журнал на английском языке

4. Греков, Б. (1939) *История и кино. Советский исторический фильм*. Москва: Госкиноиздат. – книга

5. Совет Министров СССР (1958) «О мерах по сохранению детских колоний МВД СССР», в *Сборнике энергии и Указов Президиума ВС СССР, 1938–1958 гг.* Москва: Госкиноиздат, с. 604. - законодательные и нормативные документы

6. Нургалиев, Р.Н. (ред.) (1986) *Караганда. Карагандинская область: Энциклопедия*. Алма-Ата. - энциклопедия

7. Ромашова, М.В. (2009) «Исключение из правил: советские детские дома в послевоенное десятилетие», в *Астафьевские чтения: конференция «Время «веселого солдата»: ценности послевоенного общества и их осмысление в современной России»*, Пермь, стр. 108–116. – материалы конференций

8. Ромашова, М.В. (2006) *Советское детство в 1945 – середине 1950-х гг.: Особые проекты и провинциальные практики: на материалах Молотовской области: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторической науки*. Пермь. – автореферат диссертации

Мәтін ішіндегі сілтемелер мен «Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі» библиографиялық жазбалар бір-бірімен толық сәйкес болуы және Гарвард стилінің бірізді нұсқасына сай келуі тиіс.

Мақаланың негізгі мәтіні мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен кейін аңдатпаны, мақаланың тақырыбын мақаланың жазылу тіліне байланысты басқа екі тілде – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде беру қажет:

С.К. Искендинова¹, С.Ж. Зейнолла²

¹ *Филиал Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан по Акмолинской области, Кокшетау, Казахстан*

² *Казахстанско-Немецкий университет, Алматы, Казахстан*

Вопросы оценки системы высшего образования в Казахстане и управления ее качеством

Аннотация.

Ключевые слова:

S.K. Iskendirova¹, S.Zh. Zeinolla²

¹*The Branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan of Akmola Region, Kokshetau, Kazakhstan*

²*German-Kazakh University, Almaty, Kazakhstan*

Assessment of the Higher Education System of Kazakhstan and Issues of Its Quality Management

Abstract.

Keywords:

Әдебиеттер тізімінде кириллицада берілген шығармалар болса, әдебиеттер тізімін екі нұсқада ұсыну қажет: біріншісі – түпнұсқада. екіншісі – романизацияланған әліпбиде (транслитерация).

Романизацияланған библиография келесідей болуы керек: транслитерация - <http://www.translit.ru>

Үлгі:

References

1. Ahmetzhanova, S.B. (2016) «Vysshee obrazovanie v Kazahstane: problemy i perspektivy razvitiya», Vestnik ENU im. L.N. Gumileva. Seriya Himija. Geografija. Jekologija, (5), str. 10–18. Dostupno po adresu: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-1-h-h> . [in Russian]
2. Kasym-Zhomart Tokaev (2019) «Ezhegodnaja avgustovskaja konferencija s uchastiem glavy gosudarstva» 16.08.2019, Zakon.kz. Dostupno po ssylke: <https://www.zakon.kz/redaktsiia-zakonkz/4981834-polnyy-tekst-vystupleniya-tokaeva-na.html> (data obrashhenija: 25 ijulja 2023 g.).
3. Tsinidou, M., Gerogiannis, V. and Fitsilis, P. (2010), "Evaluation of the factors that determine quality in higher education: an empirical study", Quality Assurance in Education, Vol. 18 No. 3, pp. 227-244. <https://doi.org/10.1108/09684881011058669>
4. Grekov, B. (1939) Istorija i kino. Sovetskij istoricheskij fil'm. Moskva: Goskinoizdat. [in Russian].
5. Sovet Ministrov SSSR (1958) «O merah po sohraneniju detskih kolonij MVD SSSR», v Sbornike jenergii i Ukazov Prezidiuma VS SSSR, 1938–1958 gg. Moskva: Goskinoizdat, s. 604. [in Russian].
6. Nurgaliev, R.N. (red.) (1986) Karaganda. Karagandinskaja oblast': Jenciklopedija. Alma-Ata. [in Russian].
7. Romashova, M.V. (2009) «Iskljuchenie iz pravil: sovetskie detskie doma v poslevoennoe desjatiletie», v Astafevskie chtenija: konferencija «Vremja «veselogo soldata»: cennosti poslevoennogo obshhestva i ih osmyslenie v sovremennoj Rossii», Perm', str. 108–116. [in Russian].
8. Romashova, M.V. (2006) Sovetskoe detstvo v 1945 – seredine 1950-h gg.: Osobyje proekty i provincial'nye praktiki: na materialah Molotovskoj oblasti: avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskoy nauki. Perm'. [in Russian].

Әрі қарай 3 тілде «авторлар туралы мәлімет» берілуі керек. «**Авторлар туралы мәлімет**» бөлімінде барлық ақпаратты – аты-жөні – хат-хабар авторы, ғылыми дәрежесі, мамандығы, лауазымы, ұйымы, мекенжайы: пошталық индексі, қаласы, елі – толық көрсетіңіз.

Үлгі:

Авторлар туралы мәлімет:

Искендинова С.К. - хат-хабар авторы, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақмола облысы бойынша филиалы, Көкшетау, Қазақстан

Зейнолла С.Ж. - PhD, жоба жетекшісі, Қазақстан-Неміс университеті, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Искендинова С.К. - автор для корреспонденции, кандидат экономических наук, профессор, Филиал Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан по Акмолинской области, Кокшетау, Казахстан

Зейнолла С.Ж. – PhD, руководитель проекта, Казахстанско-Немецкий университет, Алматы, Казахстан

Information about authors:

Iskendirowa S.K. - corresponding author, Professor, The Branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan of Akmola Region, Kokshetau, Kazakhstan

Zeinolla S.Zh. - PhD, project manager, German-Kazakh University, Almaty, Kazakhstan

7. Ұсынылған мақаланы жариялаудан бас тарту негіздері

7.1 Мақала плагиатқа қарсы тексеруден өткен жоқ.

7.2 Мақалаға екі теріс пікір болған жағдайда.

7.3 Автор рецензенттер ұсынған түзетулерді енгізген жоқ.

7.5 Антиплагиат жүйесінде тексеру нәтижесінде генерацияланған мәтіннің анықталуы.

8. Авторлық құқық

Журналда мақаласын жариялайтын авторлар мынамен келіседі:

Авторлар жұмысқа авторлық құқықты сақтайды және журналға Creative Commons Attribution License шарттары бойынша жұмысты алғаш жариялау құқығын береді, бұл басқаларға осы жұмыстың авторларына және осы журналдағы түпнұсқа басылымға сілтемелерді міндетті түрде сақтай отырып, осы жұмысты таратуға мүмкіндік береді.

Авторлар осы журналдағы түпнұсқа басылымға сілтеме жасай отырып, осы жерде жарияланған жұмыс нұсқасын эксклюзивті емес таратуға қатысты жеке келісімшарттық келісімдер жасау құқығын сақтайды (мысалы, университет қоймасында орналастыру, кітапта жариялау).

Авторларға өз жұмыстарын желіде (мысалы, университет репозиторийінде немесе жеке веб-сайтта) осы журналдың шолу процесіне дейін және оның барысында жариялау ұсынылады, себебі бұл нәтижелі талқылауға және жұмыс туралы көбірек дәйексөздердің жасалуына алып келуі мүмкін (The Effect of Open Access қараңыз).

9. Құпиялық

Журнал сайтына енгізілген атаулар (аты-жөні) мен электрондық пошта мекенжайлары тек осы журналда көрсетілген мақсаттар үшін пайдаланылады және басқа мақсатта пайдаланылмайды немесе басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға берілмейді.

10. Рецензиялау тәртібі

Редакция журналына келіп түскен барлық ғылыми мақалалар міндетті түрде қосарланған «соқыр» рецензиялаудан өтеді (рецензенттер қолжазба авторларын, ал авторлар рецензенттерді танымайды). Қолжазбалар екі рецензентке жіберіліп, бағаланады.

Мақалаларды рецензиялау редакция саясаты мен редакция алқасы мүшелерімен, сондай-ақ тиісті саладағы жетекші мамандар қатарынан шақырылған рецензенттер арқылы жүзеге асырылады. Мақалаға пікір беру үшін рецензентті таңдау шешімін бас редактор, бас редактордың орынбасары немесе жауапты редактор қабылдайды. Рецензиялау мерзімі 4 аптадан 2 айға дейін созылады, алайда рецензенттің сұранысы бойынша бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Әрбір рецензент қолжазба материалдарын қабылдауға және түсінуге ықпал ететін айқын мүдделер қақтығысы байқалған жағдайда рецензия беруден бас тартуға құқылы. Қолжазбаны қарастыру қорытындысы негізінде рецензент мақалаға қатысты мына шешімдердің бірін ұсынады (әр шешім негізделуі тиіс):

- мақала осы күйінде жариялауға ұсынылады;
- мақалада рецензент көрсеткен ескертулерді түзеткеннен кейін жариялауға ұсынылады;
- мақалаға басқа маман тарапынан қосымша рецензия қажет;
- мақаланы журналда жариялауға қарсы болу.

Егер рецензияда мақаланы түзету мен толықтыруға қатысты ұсыныстар болса, журнал редакциясы рецензия мәтінін авторға жолдап, оны ескеріп жаңа нұсқасын ұсынуды немесе дәлелді түрде (толық немесе ішінара) теріске шығаруды сұрайды. Авторлық түзетулерді енгізу мерзімі – редакция тарапынан электрондық пошта арқылы хабарлама жіберілген күннен бастап 1 айдан аспауы керек. Толықтырылған нұсқа қайта рецензияға жіберіледі.

Авторлар түзетуден бас тартқан жағдайда бұл туралы редакцияны жазбаша немесе ауызша түрде хабардар етуі тиіс. Егер рецензия жіберілген күннен бастап бір ай ішінде түзетілген нұсқасы қайтарылмаса және авторлардан бас тарту туралы ешқандай мәлімет келіп түспесе, редакция қолжазбаны жариялау кезегінен алып тастайды. Мұндай жағдайда авторларға мақаланы дұрыстауға берілген мерзімнің аяқталуымен байланысты материалдың тіркеуден алынғаны жөнінде ресми хабарлама жіберіледі.

Егер автор мен рецензенттер арасында қолжазба бойынша шешілмейтін қайшылықтар туындаса, редакция алқасы қолжазбаны қосымша рецензияға жіберуге құқылы. Қайшылықтар туындаған жағдайда шешімді редакция мүшелерінің отырысында бас редактор қабылдайды.

Қолжазбаны жариялаудан бас тарту туралы шешім рецензенттердің пікіріне сүйене отырып редакция мүшелерінің отырысында қабылданады. Жариялауға ұсынылмаған мақала қайта қарауға қабылданбайды. Жариялаудан бас тарту туралы хабарлама авторға электронды пошта арқылы жіберіледі. Егер редакция мүшелері мақаланы жариялауға лайық деп тапса, редакция авторға осы туралы хабарлап, жариялау мерзімін көрсетеді.

Оң пікір берілген рецензия мақаланы жариялауға жеткілікті негіз бола алмайды. Жариялау туралы соңғы шешімді редакция алқасы мүшелері қабылдайды. Қайшылық туындаған жағдайда шешімді бас редактор қабылдайды.

11. Ақпаратты жария ету саясаты және мүдделер қақтығысы

Ұсынылған қолжазбалардан алынған жарияланбаған деректерді автордың жазбаша келісімінсіз жеке зерттеулерде пайдалануға болмайды. Әлеуетті пайдасы болуы мүмкін рецензиялау арқылы алынған ақпарат немесе идеялар құпия түрде сақталуы және жеке пайда үшін пайдаланылмауы керек.

Рецензенттер авторлардың, компаниялармен немесе ұсынылған жұмысқа байланысты басқа ұйымдармен бәсекелестік, бірлескен немесе басқа қарым-қатынастар немесе өзара әрекеттесу нәтижесінде пайда болған мүдделер қақтығысы болса, қолжазбаларды қарастырмауы керек.

Барлық мүдделі тұлғалар (авторлар, рецензенттер, редакторлар және журналдың редакция алқасының мүшелері) жариялаудың барлық кезеңдерінде кез келген нұсқада мүдделер қақтығысының туындауын мүмкіндігінше болдырмауға міндетті. Қандай да бір мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, бұл қақтығысты анықтаған адам дереу редакцияға

хабарлауы тиіс. Жариялану және ғылыми этика қағидаттарын, стандарттарын және нормаларын кез келген басқа да бұзушылықтарға да осы ұстанымды сақтау қажет.

Жоғарыда аталмаған авторлардың, редакторлардың және рецензенттердің этикалық ғадет нормаларын бұзудың ықтимал жағдайлары Жарияланым этикасы жөніндегі комитеттің (Committee on Publication Ethics: COPE, Promoting integrity in scholarly research and its publication | COPE: Committee on Publication Ethics) ғылыми жарияланымдар этикасы қағидаттары бойынша нұсқаулықтары негізінде шешілетін болады.

12. Шеттен алып пайдалану және плагиат

«Gumilyov journal of sociology» журналының редакциясына келіп түскен барлық мақалалар «Антиплагиат» (<https://antiplagiat.enu.kz/>) плагиатқа автоматты тексерудің лицензиялық жүйесі арқылы орындалу дербестігіне тексеруден өтеді.

Жарияланымға қабылдау үшін мақаланың түпнұсқалығы **75% кем болмауы** тиіс, мәтіннің түпнұсқалығы **69-74% шегінде болған жағдайда** мақала авторға 75% дейін жеткізу үшін тиісті негіздемемен пысықтауға жіберіледі. **Түпнұсқалық көрсеткіші 69% төмен мақалалар қабылданбайды.**

Мақала авторлары толығымен түпнұсқа жұмысты ұсынғанына көз жеткізуі керек; басқа авторлардың жұмысын және/немесе дәйексөздерін пайдаланған жағдайда библиографиялық сілтемелер немесе үзінділер міндетті көрсетілуі тиіс. Автор өз ұйымы куәландырған ілеспе хат ұсынады. Басқа авторлардың еңбектеріне дұрыс сілтеме жасау міндетті талап болып табылады. Авторлар ұсынылған жұмыстың сипатына басым ықпал еткен басылымдарға сілтеме жасауы керек. Бірнеше шеттен алып пайдалану анықталған жағдайда, редакторлар COPE ережелеріне сәйкес әрекет етеді.

13. Препринт (алдын ала басып шығару) және постпринт (кейінгі басып шығару) саясаты

Мақаланы жариялауға тапсыру барысында автор мақаланың басқа ғылыми журналда жарияланбағанын немесе жариялауға қабылданбағанын растауы қажет. «Gumilyov journal of sociology» журналында жарияланған мақалаға сілтеме жасаған кезде баспагер журналдың ресми сайтына сілтемені (материалдың толық URL мекенжайын) орналастыруды сұрайды.

14. Жариялау этикасы

Журналдың редакция саясаты және ғылыми жарияланым этикасы Жарияланым этикасы комитетінің журнал редакторларына арналған ғылыми жарияланымдар этикасы қағидаттары жөніндегі нұсқаулықта (Committee on Publication Ethics: COPE: [Committee on Publication Ethics](#)) баяндалған ғылыми мерзімді басылымдардың этикалық принциптеріне бағдарланған:

1. Мақалада:

- жөнелту сәтінде жарияланбауы немесе басқа басылымда қаралмауы керек;
- өз зерттеулерінің нәтижелерін қамтуы тиіс;
- автор (лар) жұмысының нәтижелерін қосуы қажет. Барлық авторлар осы журналда мақаланы жариялауға келіседі және мақалада авторларды көрсету тәртібіне қарсы емес;
- дәйексөздер тізімінде зерттеу барысында шынымен пайдаланылған рецензияланған дереккөздерді ғана қамтиды және пайдаланылған барлық дереккөздерді көрсетеді.

2. Автор(лар) үшін:

Мақаланы редакцияға жолдай отырып, автор(лар) ешкімнің авторлық құқықтарын және жариялау этикасының қағидаттарын бұзбайтындығына кепілдік береді. Автор(лар) «Gumilyov journal of sociology» журналының баспасына шексіз мерзімге мынадай айрықша құқықтарды береді:

-мақаланы көбейтуге (жариялау, жария ету, көшіру, таралым жасау немесе өзге түрде көбейту) тираж көлеміне шектеу қоймай, кез келген тәсілмен тарату құқығы. Бұл ретте әрбір мақала данасында автордың (авторлардың) аты-жөні көрсетілуі тиіс;

-құрамдас мақалаға енгізу құқығы;

-жалпыға жария ету құқығы;

-мақаланың метадеректерін (атауы, автор(лар)дың (құқық иесінің) аты-жөні, аңдатпа, библиографиялық мәліметтер, толық мәтіні және т.б.) тарату, жария ету, өңдеу, жүйелеу, сондай-ақ әртүрлі мәліметтер базалары мен ақпараттық жүйелерге (соның ішінде мақаланың толық мәтіндік нұсқаларына) енгізу арқылы пайдалану құқығы.

Мақаланы пайдалану құқығы территория шекараларымен шектелмейді. Автор(лар) мақала қабылданғаннан кейін оның журнал сайтында ашық қолжетімді форматта орналастырылуына, сондай-ақ баспа нұсқасының кітапханалар мен өзге ұйымдарда (мекемелерде) таралуына қарсылық білдірмейді.

Автор(лар) сондай-ақ журнал баспасына өздерінің жеке деректерін (аты-жөні, білімі туралы мәліметтер, жұмыс орны және лауазымы туралы ақпарат) мерзімі шектелмей сақтауға және өңдеуге құқық береді. Бұл деректер әртүрлі мәліметтер базаларында және ақпараттық жүйелерде сақталып, өңделуі, аналитикалық және статистикалық есептерге енгізілуі, ғылыми, әдеби және көркем шығармалардың объектілерімен негізделген байланыстарды құру мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

Автор(лар) ғылыми мақалада интеллектуалды меншік объектілерін, авторлық құқық объектілерін заңсыз пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Автор(лар) мақалада плагиат немесе жариялау этикасын бұзу белгілерінің бар-жоғын тексеруге журнал баспасына келісімін береді.

Автор(лар) редакция алқасына қолжазбаның негізгі мазмұнын өзгертпей ғылыми және әдеби өңдеу жүргізуге, сараптамадан өткізуге және қажетті түзетулер енгізуді ұсынуға құқық береді. Мақала тек автор(лар) тарапынан түзетулер енгізілген соң ғана жарияланады.

Автор(лар) мақала безендірілуі мен мазмұны журнал талаптарына сай келмеген, немесе қолжазда Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен және өзге де ресми құжаттарымен тыйым салынған мәліметтер бар, не болмаса ғылыми және/немесе жариялау этикасының принциптері бұзылған жағдайларда редакция алқасының мақаланы жариялаудан бас тартуға құқығы бар екенін мойындайды.

Автор(лар) басқа ғалымдармен немесе журнал редакциясы мүшелерімен мүдделер қақтығысының бар-жоғы туралы мәлімдейді. (Мүдделер қақтығысы болған жағдайда, автор(лар) өз қолжазбасын объективті бағалауға кедергі келтіруі мүмкін себептер мен ғалымдардың аты-жөнін көрсетуі тиіс).

Автор(лар) журналдың редакция саясаты, мақалаларды қарау тәртібі, авторларға арналған нұсқаулықтар, жариялау этикасы секілді ақпараттармен танысқанын мәлімдейді.

3. Рецензент үшін:

Журналда жарияланатын мақалалардың сапасын қамтамасыз ету мақсатында қосарлы «соқыр» рецензиялау тәртібі қолданылады (рецензенттер авторларды, ал авторлар рецензенттерді білмейді). Қолжазба екі тәуелсіз рецензентке жіберіледі.

Құқықтары:

- рецензиялау үшін ұсынылған қолжазбаның аңдатпасын сұратуға;
- аңдатпамен немесе қолжазбаның толық, дербестендірілмеген нұсқасымен танысқаннан кейін, рецензиялаудан бас тартуға;
- материалдың тақырыбы бойынша маман болмаса, бұл туралы редакцияны хабардар ете отырып, рецензиялаудан бас тартуға құқылы.

Міндеттері:

- қолжазбамен танысуды құпия құжат ретінде қарастыруы тиіс;
- жіберілген материалға шынайы әрі негізді баға беруі қажет;

- рецензиялау барысында алынған ақпараттар мен идеяларды жария етпеуі және оларды жеке пайдасына пайдаланбауы тиіс;
- мүдделер қақтығысы болған жағдайда, рецензиялау процесіне қатыспауы қажет;
- қолжазбадағы материалдарды өз еңбегінде пайдалануға жол бермеуі тиіс.

4. Бас редактор үшін:

Құқықтары:

- редакция жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар енгізуге;
- редакциялық-баспа бөлімінің меңгерушісі мен кәсіпорын басшысының өз қызметіне қатысты шешім жобаларымен танысуға;
- редакцияның күнделікті жұмысын қамтамасыз етуге қатысты құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешім қабылдауға;
- редакция жұмысына қатысты мәселелерді қарау кезінде алқалы басқару органдарының жұмысына қатысуға құқылы.

Міндеттері:

- басылымның даму тұжырымдамасын әзірлеуі;
- авторлар ұсынған мақалаларды редакциялауы;
- қолжазбаларды редакциялауға және рецензиялауға жіберуі;
- баспаға жіберілетін материалдарды әзірлеуі;
- редакция жұмысы туралы есеп дайындауы тиіс.

Редакция алқасы мүшелерінің міндеттері:

- журналдың редакция алқасы отырыстарына қатысып, рецензенттердің мақалалар бойынша берген пікірлерімен келісу немесе келіспеу жөнінде өз көзқарасын білдіруі, сондай-ақ журнал нөмірлерінің мазмұнын бекітуге қатысуы тиіс;
- қолжазбаларды автордың немесе авторлар ұжымының жынысына, ұлтына, дініне немесе басқа да жеке ерекшеліктеріне қарамастан, мазмұнына қарай бағалауы қажет;
- жариялауға ұсынылған материалдарды рецензенттер, редакторлар және қолжазбамен жұмысқа тартылған басқа қызметкерлердің өз жұмыстарында пайдаланбауы керек;
- мүдделер қақтығысы орын алса, рецензиялаудан немесе материалды қараудан бас тартуы тиіс, сондай-ақ автордан мүдделер қақтығысының бар-жоғы туралы ақпарат беруді талап ете алады.

Егер жарық көрген мақалада техникалық себептермен (формулалардағы қателер, көрсеткіштердегі бұрмалаулар) өрескел қателіктер анықталса, олар туралы түзетулер келесі нөмірлерде жариялануы мүмкін.

5. Кемсітушілікке жол бермеу және делдалдарды пайдалану

Журнал редакциясы кез келген түрдегі кемсітушілікке жол бермеу қағидатын ұстанады. Қолжазбаларды қарау, рецензиялау және жариялау туралы барлық шешімдер **тек қана** зерттеудің ғылыми сапасы, түпнұсқалығы және маңыздылығы негізінде қабылданады, олар автордың:

- қолданатын тіліне;
- жынысы мен гендерлік бірегейлігіне;
- нәсіліне, терісінің түсіне;
- этникалық, ұлттық немесе мәдени тиесілігіне;
- діни, саяси немесе өзге де көзқарастарына, сондай-ақ ғылыми мазмұнға қатысы жоқ басқа да белгілеріне тәуелді болмайды және осы белгілер бойынша кемсітушілікке жол берілмейді.

Үшінші тұлғалармен немесе коммерциялық делдалдармен (мәтін жазу агенттіктері, «ғылыми» консалтингтік фирмалар және т.б.) **дайындалған** қолжазбалар редакциямен

этикалық тұрғыдан «жол берілмейтін» деп есептеледі. Автор(лар) зерттеуді жүргізу, мәтінді жазу және барлық қатысушылардың үлесін көрсету үшін жеке жауап береді.

Редакция мен редакциялық алқа авторлардан олардың зерттеуге және қолжазбаны дайындауға нақты қатысқанын растайтын қосымша материалдарды (авторлық үлеске түсіндірме, жоба туралы мәліметтер, жұмыс барысындағы хат-хабар және т.б.) талап етуге құқылы.

Егер мақала қабылданғаннан немесе жарияланғаннан кейін қолжазбаның іс жүзінде делдалдар арқылы дайындалғаны және (немесе) авторлықтың адал көрсетілмегені анықталса, бұл жарияланым этикасын өрескел бұзу ретінде қарастырылады және **Журналдың ретракциялау (мақалаларды кері қайтарып алу) саясатына** (19 бөлімді қараңыз) сәйкес мақаланы ретракциялауға негіз болып табылады.

15. Мақала авторларының, рецензенттердің және редакция алқасының жасанды интеллектті (ЖИ) пайдалануы

Редакция алқасы жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуын мойындайды және олардың әртүрлі салалардағы, соның ішінде ғылыми зерттеулер мен басылымдардағы әлеуетті пайдасын түсінеді. Біз ЖИ-де үлкен көлемдегі деректерді өңдеуге, заңдылықтарды анықтауға және күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға мүмкіндік бар екенін түсінеміз және бұл болашақта ғылыми прогресті жеделдетуге ықпал етуі мүмкін.

ЖИ артықшылықтары туралы түсінігімізге қарамастан журналдың редакция саясаты мақаланы жариялаудың барлық кезеңдерінде ЖИ-ді қолдануға қатысты қатаң ұстанымда қала береді. Авторлар, рецензенттер және редакция алқасы мүшелері үшін **жасанды интеллектті пайдалануға қатаң тыйым салынады.**

Шешім ғылыми жарияланымның жоғары стандарттарын сақтау үшін маңызды деп санайтын бірқатар негізгі ұстанымдарға байланысты:

- **Автор ерекшелігі мен интеллектуалды үлесін сақтау:** ғылыми мақалалар зерттеушілердің өзіндік ойларын, талдаулары мен интерпретацияларын көрсетуі керек. Мақаланы жазу барысынжа ЖИ қолдану автор үлесінің азаюына және ұсынылған нәтижелер үшін жеке жауапкершілік шекараларының қойылуына алып келуі ықтимал.

- **Рецензиялауда тереңдік пен сыни ойлауды қамтамасыз ету:** рецензиялау процесі пәндік саланы терең түсінуді, әдіснама мен нәтижелерді сыни бағалауды және аргументтелген диалогты қажет етеді. Рецензенттердің ЖИ-ті қолдануы зерттеудің маңызды нюанстарын жіберіп алып, ресми және үстірт бағалауға алып келуі мүмкін деп топшылаймыз.

- **Редакциялау процесінде алқалылық пен сараптамалық пайымдауды қолдау:** жариялау туралы шешімдерді редакция алқасы мүшелері сараптамалық білімі мен жан-жақты талқылауы негізінде ортақ қабылдайды. Осы процеске ЖИ енгізу сараптамалық пайымдау принципіне нұқсан келтіруі және қажетті терең пайымдау мен контекстуализациядан айырып, алгоритм бағалаулары негізінде шешім қабылдауға итермелеуі мүмкін.

- **Плагиат пен арам пиғалды тәжірибенің алдын алу:** мәтінді құру немесе деректерді талдау үшін ЖИ қолдану күтпеген немесе қасақана плагиат жасау қаупін және автоматтандырылған құралдармен анықтау қиын ғылыми жосықсыздықтың басқа түрлерін арттырады.

- **Ғылыми жарияланымның этикалық стандарттарын сақтау:** Ғылыми жарияланым зерттеушілердің, рецензенттердің және редакторлардың интеллектуалдық еңбегі мен жеке жауапкершілігінің нәтижесі екеніне сенімдіміз. ЖИ қолдану осы негізгі этикалық қағидаларды бұзуы мүмкін.

ЖИ технологиясын дамытудың осы кезеңінде және оны ғылыми жариялау процесінде қолданумен байланысты ықтимал тәуекелдер әлеуетті пайдадан асып түседі деп есептейміз. Басты мақсатымыз – ғылыми жарияланымдардың жоғары сапа, түпнұсқалық және этикалық

стандарттарын сақтау және қазіргі уақытта ЖИ-ні осы мақсатқа жету үшін қажетті шара ретінде пайдаланудың қатаң шектеулерін көріп отырмыз.

ЖИ технологияларының дамуын қадағалаймыз және жоғарыда аталған принциптерге нұқсан келтірместен ЖИ-ті жариялау процесіне біріктірілуі мүмкін екендігі туралы нақты дәлелдер болса, болашақта саясатымызды қайта қараймыз

16. Редакция мекенжайы:

010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтбаев к-сі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, оқу-әкімшілік ғимараты, +7(7172)709500 (35-108)

17. Төлемақы

Gumilyov Journal of Sociology журналында мақаланы жариялау үшін төлем *мақала жарияланған сәтте қолданыста болған «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ-тың өзге ақылы қызметтерінің құнына арналған прејскурантқа* сәйкес төленеді.

Реквизиттер:

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
БИН 010140003594

1) «Банк ЦентрКредит» АҚ

Банк БИК: КСJBKZKX
ИИК: KZ978562203105747338
Кбе 16
Кнп 859 - за статью

2) «Bank RBK» АҚ

Банк БИК: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073
Кбе 16
Кнп 859- за статью

3). Kaspi.kz > Төлемдер > Білім > Қосымша білім беру > Ұйымды таңдаңыз (Вестник ЕНУ)

1. Автор аты-жөні
2. Автор ЖСН
3. Журнал сериясын таңдаңыз (Sociology)
4. Соммасы

18. Лицензиялау

«Gumilyov journal of sociology» ғылыми журналы **Creative Commons Attribution – Non Commercial 4.0 International (CC BY-NC 4.0)** лицензиясы бойынша тегін негізде өз мазмұнына тікелей ашық қолжетімділікті ұсынады. Авторлар авторлық құқығын сақтайды, мақала авторлығын көрсетіп, осы журналға сілтеме жасаған жағдайда материалды еркін көшіруге, таратуға мүмкіндігі бар.

19. Ретракциялау (мақалаларды кері қайтарып алу) саясаты

Ретракция (мақаланы кері қайтарып алу) – жарияланған материалда ғылыми немесе жарияланым этикасының елеулі бұзылғаны, не болмаса зерттеу қорытындыларын сенімсіз ететін айқын қателер бар екендігі туралы редакция мен оқырмандарға ресми түрде хабарлау рәсімі. Ретракция кезінде мақала журнал мұрағатынан өшірілмейді, бірақ электрондық және баспа нұсқаларында «Ретракцияланды» деген белгімен және себептері көрсетіліп беріледі.

Ретракциялаудың негізі (алайда, мұнымен шектелмейді):

– анықталған плагиат, жасырын мәтіндік/идеялық көшіріп алу, қайталама жарияланым;

– деректерді қолдан жасау (фабрикация) немесе бұрмалау (фальсификация)

– зерттеу нәтижелерінің түсіндірмесін түбегейлі өзгертетін елеулі әдістемелік немесе фактологиялық қателер;

– үшінші тұлғалардың құқықтарын (соның ішінде авторлық және сабақтас құқықтарды) бұзу;

– маңызды мүдделер қақтығысын жасыру;

– редакция айқындаған немесе тәуелсіз сарапшылар растаған өзге де өрескел жарияланым этикасын бұзу жағдайлары.

• Ретракциялау рәсімін бастамашысы ретінде автор(лар), оқырмандар, рецензенттер, редакторлар, сондай-ақ зерттеуге қатысы бар ұйымдардың өкілдері бола алады. Ретракция туралы өтініш негіздемені және құжаттық дәлелдемелерді де қамтуы тиіс.

• Өтініш түскеннен кейін редакциялық алқа ішкі тексеріс жүргізеді, қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшыларды тартады және авторлардан түсіндірме сұрайды. Тексеру қорытындысы бойынша мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

– кемшіліктерді ретракциясыз түзету мүмкін болса, түзетіп жариялау;

– мақаланы ретракциялау және ретракция туралы ресми хабарлама жариялау;

– жеткілікті негіздер болмаған жағдайда ретракциядан бас тарту.

• Ретракциялау жүргізілген жағдайда журналдың электрондық мұрағатында және метадеректерде «Ретракцияланды» деген белгі қойылады, ретракцияның себептері сипатталған және бастапқы мақалаға сілтеме берілген жеке хабарлама жарияланады. Мақала мәтіні ғылыми ашықтық пен адалдық мақсатында қолжетімді болып қала береді, бірақ оның сенімсіздігі туралы айқын ескерту қоса беріледі.

Журналдың ретракциялау саясаты Жарияланым этикасы жөніндегі комитеттің (COPE) ұсынымдарына негізделген және жарияланатын материалдарға деген жоғары сенім деңгейін қолдауға, сондай-ақ ғылыми білімнің тұтастығын қорғауға бағытталған.